

05.06.2015 ж.

Керей мен Жәнібек Қазақ хандығының негізін салушылар

Бүркітбай АЯҒАН

Орта ғасыр зерттеушілерінің жазбаларына қарағанда, 1465 жылға қарай, қазақтар мемлекеті өзге елдерге танымал болған. Кейбір зерттеушілер Керейді көбіне «Гирей» деп те атайды. Әрине, қазақ тіліндегі дыбысталуына сәйкес, «Керей» деп аталғаны жөн. Болашақ сұлтандар және жасы жағынан кіші Жәнібек пен Керей Әбілқайыр ордасынан алыс аймақтарға бірде – Еділдің (Волга) батыс теріскей бетіне, бірде – Ұлытауға, Атбасар, Көкшетау өңіріне көшіп-қонып жүрген еді. Бұл мекен атаулары сол кезеңнің деректерінде жиі кездеседі. Жоғарыдағы айтылған себептерге байланысты Әбілқайырмен ешқандай одақтасуды қаламаған сұлтандардың соңғы қоныс аударуы оңтүстік-шығысқа қарай, Шу мен Балқаш көліне бағытталды. Айта кететін жайт, XV ғасырдың 40-60 жылдары аралығында Еділдің арғы жағында Астраханьда, Қырымда, Қазанда тақ үшін толассыз соғыстар мен күрестер жүріп жатты. Оны сол оқиғаға қатысушылар жақсы білді. XV ғасырдың басында сол өлкелерде Тоқтамыстың да, Едігенің де және сұлтандардың ата-бабалары – Ұрыс хан мен Барак ханның опат болған жерлері табылады. Ол өлкеден Жәнібек пен Керейдің кеткісі келген жоқ. Бұған қоса, оларды қолдайтын рулар Дешті-Қыпшақтың кең-байтақ даласында отыр еді. Сонымен қатар, қазақтар мен өзбектер арасының түпкілікті ажырауы, Әбілқайыр хан билігі кезеңінде емес, оның ұрпақтары – немерелері мен шеберелері тұсында болған. Таңғаларлығы, алғашқы қазақ хандары мен олардың ұрпақтары (балалары, немерелері) шайбанилерге жақын туысқан болып келетіні, яғни, ағайын және бөлелер еді. Бірақ, олар бір-бірімен өзара билікке, басым болуға, қалалар мен байлық үшін жауласты. Мысалы, Бұрындық ханның қызы Мұхаммед Бахадұр-хан Шайбаниге тұрмысқа беріледі. Қасым хан мен Мұхаммед Шайбани бөле. Деректерге сүйенсек, дала билеушілері білімді де білікті болған. Олар жергілікті жердегі медреседе немесе Бұхараға барып даярлықтан өткен. Сұлтандар арасындағы қатынас хаттар түркі (шағатай тілінде), парсы тілінде, араб графикасында жүргізілді, Ислам діні Орталық Азияда басымдық рөл атқарды. Көшпелі өзбектердің, ноғайлардың және қазақтардың тілі, сенімі мен мәдениеті ғана жақын болған жоқ. Деректерге сүйенсек, қыпшақтар, наймандар, үйсіндер, арғындар, керейлер және керейттер, алшындар, дулат сияқты ірі рулар аталған этностық топтың барлығында да кездеседі. Бірақ көшпелі өзбектер «өзбек» этнонимін Орта Азияның ежелгі аумағына XVI ғасырдың басында орнынан қозғаған Мұхаммед Шайбани және онымен кеткен ел ортағасырлық Мәуреннахр мәдениеті мен отырықшылығын қабылдап, жергілікті тұрғындармен араласқан. Бұл ажырасу сонымен қоса, отырықшы парсыланған мәдениет пен көшпелі қазақ мәдениетінің алшақтауы бара-бара өзбек пен қазақ екі ұлт болып қалыптасуына әкелген. Біздің топшылауымызша, Керей мен Жәнібектің қоныс аударуы, әсте де Әбілқайыр ұлысының ыдырауын анықтайтын кезең болмаған. Бұл оқиғада шешуші кезең кейінірек айқындалды. Деректерде берілгендей, Әбілқайыр хан өзінің өркөкіректігімен Керей мен Жәнібектің қоныс аударуының аса маңызды және өзіне тиімсіз салдарын көре алмады және шиеленісті реттеу үшін қандай да бір дипломатиялық қадам жасамады. Бірақ, ол кейінірек 1468 (1469) жылы тәкаппар сұлтандарға қарсы соғысқа шықты. «Йети кудук» (Жеті құдық) маңынан алыс емес жерде кездескен екі жақтың әскерлері үш күн бойы белгілі бір шешімге келмегендіктен ұрыс қимылдарына бармаған. Кейбір деректер, осы оқиға кезінде нөсерлі жаңбыр, оның артынан қар жауғаны, қатты аяз басталып, әскерлер кері қайтқаны жөнінде мәлімет береді. Бірақ соғыстың басталмауы, кейбір зерттеушілер айтқандай, табиғи құбылыстарға байланысты емес сияқты. Оларды тоқтатқан күш – екі жақтың бірін-бірі жақсы білуінен, әрі олардың өзара жақын туысқандық қатынастары болса керек. Әбілқайыр қайтар жолда безгек ауруына шалдығып, өмірден озған. Неге екені белгісіз, өткен тарих бетінде Әбілқайыр тек «өзбек ханы» деген қатаң көзқарас бекіді. Ал іс жүзінде Әбілқайыр Арал теңізінің төңірегінде дүниеге келген. Тобылда (Түменде) таққа отырған және



Сығанақта жерленгені белгілі. Осылайша, Әбілқайыр Қазақ елі аумағында туғандықтан, өмір сүргендіктен және қайтыс болғандықтан қазақ қайраткері ретінде басымдық алады. Ал Хорезм мен Самарқандта ол әскери жорық жасаған. Сол секілді XV-XVI ғасырлардағы қауым өздерін өзбек-қазақ, қазақ-өзбек деп атап жүрген. XV ғасырдың екінші жартысында халықтың этногенез процесінің күрделі ерекшелігінің бірі ретінде «қазақ» атауы, этностық маңызға ие болды. БИЛІК БАСЫНДА Еділ менен Жайықтың, Бірін жазға жайласаң, Бірін қыста қыстасаң, Ал, қолыңды маларсың, Алтын менен күміске! Асан Қайғы. Жаңа хандықтың құрылу процесі күрделі геосаяси жағдайда өтеді. Бұл – Еуропадағы дамудың өріс ала бастаған кезеңі, яғни Ұлы географиялық ашулар дәуіріне тұспа-тұс келеді. Оңтүстікте сефевидтік Иран шұғыл түрде қайта қаруланады. Шығыста Құбылай әулеті нығаяды. Танымал зерттеуші Клавдия Пищулина Қазақ хандығының құрылуының хронологиясына қатысты өзінің дәлелді дәйектерін келтіреді. Оның байламдарында 1462 жылы Есен-Бұғаның өлімінен кейін және оның ағасы Йунус (Жүніс) ханның Ташкентке кетуімен, Моғолстан билеушілерінің билігінің әлсіреген тұсында, Жәнібек пен Керей хандар билігі нығая түскені тұжырымдалады. Әбілқайыр ханның 1468 жылғы өліміне байланысты, Қазақ хандығының өз алдына дербес шығуы үшін, Қыпшақ даласындағы оқиғалардың барысын күтудің қажеті жоқ болатын. Профессор Б.Кәрібаевтың пайымдауынша, Әбілқайырдың өлімі 1469-1470 жылдары болған. Осы тұста Сырдария жағалауындағы қалалары мен Шығыс Дешті-Қыпшақтың далалық кеңістігінде қазақ хандарының билігі біршама нығайған және кеңейген. А.Чулошниковтың пікірінше: «Мәселе Өзбек ұлысындағы әулеттің ауысуында ғана тұрған жоқ, бастысы, қазақ халқының құрылуы мен жеке мемлекеттің пайда болуында». Одан да басқа зерттеушілер, мысалы, Сапар Ибрагимов хандықтың құрылу мерзімін XVI ғасырдың басына жақындатып, Қазақ хандығының XV-XVI ғасырлар аралығында шаңырақ көтергенін айтады. Біздің пайымымыз Қазақ хандығы құрылу процесінің ауыр және салыстырмалы түрде ұзақ жолдан өткенін қолдайтындар пікірімен сәйкес келеді. «Қазақ хандығының құрылуы бір мезгілде болған оқиға еместігін» Т.И. Сұлтанов әділ атап өтеді. Оның пікірінше, оқиғаның соңғы түйіні, «1470 жылы Әбілқайыр иелігіне Жәнібек пен Керейдің қайтып келуі және олардың жоғары билікті басып алуы». Бірақ, Қазақ хандығының құрылу мерзімін анықтауға қойылатын нүктеге қалай болғанда да зерттеушілердің айқындаған – 1465 жыл алынуы қажет деп білеміз. Қазақ хандығының құрылуына байланысты К.Пищулина пікіріне сүйенсек, Қазақ хандығының құрылуы Дешті-Қыпшақта емес, Батыс Жетісу (Моғолстан) жерінде жүрген. Осы нұсқа шындыққа жақын келеді. Бірақ көшпелі тайпалардың жұмыла кіріскенін есепке ала отырып, қазақ билеушілерінің Дешті-Қыпшақ жеріне тарағанын жоққа шығара алмаймыз. Оның үстіне бұл аймақтар географиялық жағынан бір-біріне өте жақын жатыр. Айта кету керек, осы тұста К. Пищулина Зайн ад-дин Васифидің жазбасында Батыс Жетісу (Шу мен Талас алқаптары) аумағының алғаш рет «Қазақстан» атауымен аталынғаны, ол зерттеушілердің көңілін аударғаны жөнінде айтады. Одан әрі оқиға куәгері Фазлаллах ибн Рузбихан Исфahanидің жазбаларынан Әбілқайыр хан өлімінен кейін, өзбектер елінде үлкен бассыздықтардың орын алғаны жөнінде деректер келтіреді. Онда: «Қазақ ұлысында сұлтандар хан болғандары үшін, өздерін мақтан тұтты. Мұндай жоғары лауазым бірінен кейін бірі, бірнешеуінің қолынан өткен соң, хандықтың кезегі Бұрындық ханға жетті, ол – даңқты хандар әулетінен шыққан ұлыстың ұлыларының бірі» екен- дігі айтылады. Әбілқайырдың немерелері жастық шағында «қазақ» болған, яғни аталары сияқты олар да қазақ сатысынан өткен. Бір кездері Мұхаммед Шайбани Маңғыстауға жақын ноғайлармен де қатар тұрған. Оларға күйеу бала болған. Бірақ кейін Оңтүстікке қоныс аударған. Кейінірек, Мұхаммед пен Махмұд өздерін «өзбектерміз» деп атаған тайпаларды басқарады. Татар ғалымы М.Г. Сафарғалиев «...қазақтардың кетуімен (қоныс аударуымен) Әбілқайырмен көшпенді-өзбектердің аз ғана бөлігінің қалғанын» алға тартады. 1499-1503 жылдары Әбілқайырдың немересі Мұхаммед Шайбани өзіне сенімді «көшпелі өзбектермен» Мәуреннахарды жаулап алуға кіріскені жайлы өзбек мектебіне арналған оқулық авторлары тарихи оқиғаны былайша өрбітеді: «Жорықта ол темуридтерді аңдаусызда бас салатын әскери тактиканы қолданған. 1504 жылы Ферғана түпкілікті алынады, ал мемлекеттің астанасы – Самарқанд қаласы болады». Мұхаммед Шайбани 1515 жылы сефевидтер (Иран) әскерімен шайқаста қайтыс болған. Осы кезде Қасым сұлтанның дала кеңістігіндегі беделі арта түсті. Ал, бөлесі Мұхаммедтің қазасын естіген Қасым қатты қайғырып, қызылбастардан кек алу үшін үлкен ұлы Әбілқайырды жұмсаған. Қазақ хандығының құрылуы, қазіргі Қазақстан аумағы мен оған шекаралас XIV–XV ғасырлардағы аймақтардағы күрделі этносаяси, әлеуметтік-экономикалық және этномәдени процестердің нәтижесі болып табылады. Бұл процестердің басты нәтижесі, моңғолдық кезеңнен кейінгі мемлекеттер аясында (Ақ Орда, Моғолстан, Ноғай Ордасы, Сібір хандығы), біртұтас саяси бірлестік жолында бірігуге қажеттілікке мұқтаж, қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы болды. XV ғасырдың 60-шы жылдары сұлтандар билігі өздері құрған әлеуметтік құрылымда нығая түсті. Көшпелі бірлестіктерге тән үрдіспен қалыптасты: билер соты, салық жүйесі, территориялық шекаралары, т.б. Сығанақ қаласы билеушілер ордасы, хандықтың астанасына айналды. XV ғасырдың 70-90-шы жылдары Қасым мен Ақназар тұсында Қазақ хандығы нығайды және оның шекарасы кеңейген. Көңіл бөлерлік мәселе, тарих ғылымының жаңа бағыттарының бірі – популяциялық генетикамен айналысатын ғалымдар тобы, қазақ халқының біртұтас этнос ретінде қалыптасуы XV ғасырдың ортасы деген шешімге келуі, сол кезеңдегі саяси оқиғалармен толықтай сәйкес келеді. Ж.Сабитовтің мәліметі бойынша, ДНК сараптамасы қазақ руларының жоғары басым 70-90%-ның, XIII – XV ғасырларда өмір сүрген ортақ ата-баба тұқымынан тараған еркектер жағының генетикалық ұрпақтарынан тұратынын көрсеткен. Сонымен қоса, қазақ руларының рубасыларының барлығы дерлік XIII – XV ғасырларда өмір сүрген Алтын немесе Ақ Орданың бас әмірлері болған. Олардың орналасуы ежелгі тарихы терең Байкал

көлінен Дунайға дейінгі кең-байтақ даланы қамтыды. Бүгінгі күнмен қарағанда саяси құрылымның көптеген белгілері мүлдем өзгеше. Дегенмен, бұл кезең XIX немесе XX ғасырларға тән, классикалық тұрғыда пішінделген мемлекет қалыптаспаған орта ғасыр еді. Қыпшақ кезеңі негізінде қазақ тілі – XV-XVI ғасырларда қазақ тілі болып түпкілікті қалыптасты. Жұртшылыққа белгілі, қазақ Алаш деп те аталады. Дұрысы «Алаш баласы» ұғымы болуы тиіс. Аңыз-әңгімелер бойынша қазақтың барлық тайпалары мифологиялық Алаш тұқымынан тарайды. Осы мезгілге дейін Алаш этнонимінің пайда болуы белгісіз. Қазақтың өздерінен басқа құрамына ноғайлар, көшпелі өзбек, қырғыз, түрікмен, қарақалпақтар, тіпті қалмақтар (ойраттар) кіретін «Алаштың алты баласы» ұғымының қалыптасуы өте ежелден бастау алған және оның тамыры ежелгі түркілерге немесе Алтын Орда кезеңіне дейін барады. Қазірдің өзінде Кавказ ноғайлары бізді «Алаш» деп атайды. Иә, Қазақ хандығы өмір сүруге қабілетті болып шықты. Әбілқайыр өлімінен кейін оның ұлысы ыдырай бастайды, көптеген тайпалар Мұхаммед Хайдар Дулати көрсеткендей, қазақ сұлтандары Керей және Жәнібекке жаппай қоныс аудара бастайды. Ал 1465-1466 жылдары қазақ хандарының билігі түпкілікті бекиді. Әбілқайыр хандығы территориясының үлкен бөлігі қазақтар жағына өтеді. Атап өтерлік мәселе, хандық басында бір-бірімен туысқан екі адамның қатар тұруы. Бірақ, тарихшылар (М.Әбусейітова, Б.Кәрібай) тұжырымдағандай, алғашқы хан, жас жағынан да үлкен Керей болған екен. Керей қайтқаннан кейін билік Жәнібекке өтеді. Жәнібек қайтыс болғанда хандық билікке Бұрындық келеді. Кейбір зерттеушілер оның есімін шежірешілердің дұрыс бермегенін, нақтысында оның есімі, қазақ тіліндегі айтылуына сәйкес, Мұрындық болған деп есептейді. Біздің ойымызша да қазақ тілінің лексикасына орай, Мұрындыққа жанасатындай. Бір қызығы, қазіргі ноғай (татар емес) тілінде мұрынды олар «бұрын» дейді, ал мұзды – «бұз» дейді екен. Қалай аталса да Бұрындық (Мұрындық) хан қазақтың көшпелі мемлекетінің негізін нығайтуда маңызды рөл атқарған. Ол мемлекеттілік негізін күшейтіп, Сығанақ қаласын қайтарып, астана жасады. Одан кейінгі қазақ хандары әулетін жалғастырушылар – Жәнібек ханның ұрпақтары болды. Керей мен Жәнібектің жерленген орындары жөнінде де бірнеше нұсқалар бар. Бір аңыз бойынша, Керей Астана қаласының солтүстігінде, 100 шақырым жерде, ал Жәнібек болса, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Созақ, Сығанақ маңында жерленгендігі айтылады. Мұқият зерттеуді қажет ететін одан да басқа мәліметтер баршылық. Осы Қазақ хандығының 550 жылдығында көптеген ізденістер, терең зерттеулер жалғасын тауып, тарихымызға қатысты тың жаңалықтар табылар деген ойдамыз. Ескеретін жайт, Қазақ хандығы құрамының түпкі негізі, қазіргі тілмен айтқанда, интернационалды болды. Қазақтардың өздерінен басқа қалыптасушы халықтар құрамына өзбектер, ноғайлар, қырғыздар, қарақалпақтар, қалмақтар, Солтүстік Кавказ халықтарының өкілдері және араб қожаларының ұрпақтары кірді. Осы кезеңде «өзбектер» мен қазақтар арасы бөліне бастағанын алда айттық. Бірақ шығу тегінің ортақтығы жөніндегі «Өзбек – өз ағам, сарт – садағам» деген ұғымдар бұл екі жұрттың өткені бірегейлігінен хабар беретіндей. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» еңбегінде «Қазақ хандығы Орталық Азиядағы тұңғыш ұлттық мемлекет болғандығын» атап өткен болатын. Және бұл мемлекет бір орталыққа бағынған саяси құрылым саналған. Қазақ елінде ешқашан руаралық, не аймақтық соғыс жүрмеген. 2010 жылы Қазақстанның жаңа астанасы – Астана қаласында Жәнібек пен Керей хандарға ескерткіш орнатылғаны мәлім. «ҚАЗАҚ» – «КАЗАК» ЭТНОНИМІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ Бірлігіннен айырылма, Бірлікте бар қасиет. Ақтамберді жырау. Әбілқайыр хан мемлекетінің ыдырауы, халықтың көші-қоны көптеген түркі халықтарының қалыптасуының аяқталу кезеңімен бір мезгілде болды. Бұл кезеңде тарихи аренаға қазақ, ноғай, өзбек және басқа да этностар шығады. Ескере кететін жайт, халықтардың құрылуы, белгілі бір этностық топтың басымдығымен жаңа мемлекеттердің қалыптасуымен ұштасып отыруы еді. Қазақ хандығының құрылуы және оның қалыптасуымен қатар, «қазақ» атауының анықтамасы (дефиниция) этностық бейне ала бастады. Егер Қазақ хандығы құрылғанға дейін «қазақ» атауы анықтамасына көбіне әлеуметтік өң берілсе, ол бірте-бірте «қазақтар» немесе «өзбек-қазақтар» деп этностық топтарды құраушылар ретінде атала бастады. Ш.Уәлиханов өзінің «Қырғыз (қазақ) шежіресі» еңбегінде былайша жазады: «...казачество Азияда басталғаны және дамығанына күмән жоқ және татарлар арқылы орыстар арасына енді. ...Русь үшін Украина сияқты, кең-байтақ қырғыз (қазақ) даласы, бостандық пен бай олжа іздеуші батылдар мен батырлардың түйісу орнына айналды». Н.М. Карамзин де осындай көзқарасты ұстанды. Ол: «...1444 жылы Василий Темный кезеңіндегі жылнамашылар рязаньдық казактар туралы, жаңа замандағы дақты ерекше жеңіл әскер жөнінде жазғанынан...» алға тартады. XV ғасырдың 60-шы жылдары көптеген зерттеушілер «казак» ұғымына белгілі этностық мән берді. Мұхаммед Хайдар Дулати: «...Жәнібек және Кереймен бірге кеткендерді «казактар» деп атады және оларға осы атау бекігені» туралы жазады. Көптеген жылға созылған этностық процестер нәтижесінде «казак» этнонимі орнықты және Қазақ хандығы құрылды. Қазақ хандығының тұрғындар саны, әсіресе, 1468 жылы Әбілқайыр ханның өлімінен кейін, жаңа рулар мен тайпалардың келуі есебінен көбейді. Кең-байтақ Қазақстанда қысқа мерзім ішінде этностық «казактар» қауымы құрылды. Жаңа мемлекет – Қазақ хандығы, оның территориясы мен этностық шекарасы қалыптасты. Ал «казак» болу дегеніміз «еркін болу», яғни тәуелсіз деген ұғымды береді.